

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын анықтау және бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 232 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 348 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қазанда № 7809-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын анықтау және бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 232 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7550-15 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Б. Альжанов*